



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қазан N 1571

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 U962828_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жер қойнауын пайдалану құқығына лицензияларға өзгерістер енгізу, лицензияларды қайтарып алу және лицензиялардың күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408

P001408_

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2 қосымшадағы реттік нөмірлері 6 және 7-жолдар алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

